

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Шолпанбаева Ғ.Ә.

Қазақстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

«Бұл сол халықтың тілі» – десек, әрбір қазақтың ойына өзінің тіршілік тілімен үндескен әріптегі тілі келеді. Ендеше, өзге отаны жоқ тілдің иесі, бүтіндей бір халықтың тіршілік тілі тұсауланған аттай күй кешкен заматта, ата-бабасының тілін айтып өміріне жол ашқан сөздері қайда қалатыны белгісіз. Адамзат тілі ежелгі дәуірден-ақ таным құралы ретінде дүниені танып білуге, санада сәулеленген ұғым түсініктерді жарыққа шығаруға қызмет ететіні анық. Міне, осылардың бәрін ой таразысына салу қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселелердің бірі десек артық айтпағандық болар.

Қазақстан тәуелсіздігін алғалы көзді ашып-жұмғанша жиырма жылдың жүзі болып қалыпты, сол уақыттан бері бүгін де сөз болып отырған тіл мәселесі ең маңызды болып табылады.

Елбасымыздың тіл туралы заңының қабылдануына баршамыз дүрлігіп бір серпіліп қалғанымыз да белгілі. Дегенмен, осы бір басты мәселе тек қағаз жүзінде қалып қоя ма деген қорқыныш сезімі пайда болады. «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген сөз тіркесін айтқанда төбеміз көкке жеткендей болады. Алайда, тамыра тереңнен қазылған теректің құлпырып көктеуі мардымсыз бола ма деген ойда туындамай қалмайды. Осындай көңілге кірбің түсіретін жағдайларды болдырмас үшін әр адамның жүрегінде елім, жерім, дінім, ділім, тілім деген патриоттық сезімнің қалыс қалмауы тиіс. Бір ауыздан қазақтың тілін биік тұғырдан көрсетеміз десек, аянбай қызмет етуге тиіспіз. Қазақ тілінің мәртебесін көтеруде ең алдымен тілге деген сүйіспеншілік пен қажеттіліктің болуы тілді үйренуде маңызды роль атқарады.

Тілдің кенже қалып отырғаны осы қажеттіліктің болмауында деп ойлаймын. Мысалы атап айтар болсақ, тіпті керек болатын болса кеңес үкіметі кезінде орыс тіліне деген талаптың ерекшелігі, орыс тілін білмесе нан алып жеу күш болған. Міне, осындай тілге деген қажеттілік дәл қазіргі кезде мемлекеттік тілді үйренуге қойылатын болса, тіл мәртебесі әлдеқешен көтерілген болар еді. Осыған орай қазақ тілін үйренуге қатаң талап қойылмағандықтан орыс тілділер мемлекеттік тілді меңгеруге құлшынбайды. Нақтырақ айтар болсам өз тәжірибем бойынша орыс топтарына қазақ тілін жүргізгенде басқа ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген ынта-ықыластарының бар екенін көргенде тілдің болашағының бір мәрте жоғары екенін аңғарасың. Осыны көре тұра екі қазақ өкілі бір-бірімен орыс тілінде сөйлесіп тілді тағы да тұншықтыра басып, өз тілдерінде сөйлесуге ұялатындары да бар. Болашақ жастарымыз түгелі тұрмақ, ел басқарған ер азаматтарымыздың мемлекеттік тілді білмеуі адамды қынжылтады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының былтырғы Қазақстан халқына жолдауында «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі-еліміздің мемлекеттік тілін, қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш жігерімізді салуымыз керек» деген сөзін қалыс қалдырғанымыз ба?

Тіл мәртебесі сіз бен біздің болашағымыз екенін әрдайым естен шығармаған жөн. Осы орайда қазақ тілі сабағында басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге оқытушының білімділігі және ізденімпаздылығы, сонымен қатар, кәсіби шеберлігі жоғары дәрежеде болуы керек. Әр оқытушы сабақты өткізгенде тақырыбына байланысты әдістемелік құралдарды мейлінше кеңінен пайдалана білсе нұр үстіне нұр болар еді.

«Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Яғни, ұлт намысының биік шыңы, елді тұтастырудың, танытудың кілті. Тілдің мәртебесін көтеру деген сөздің өзі мағынасы терең, ерен еңбекті қажет етеді. Мемлекеттік тілді білу – өмір талабы екенін есте сақтайық. Тілді білмеген адам ұлттық дүниеден мақұрым. Мемлекеттік тілді білумен мемлекеттің аты берілген халықты сыйлап, құрметтеп табиғатын ұққанда ғана оның маңына топтасады. Адам тіл арқылы өмірінің сырын түсінеді деген осы! Тіл сөйлеу үшін ғана емес, өмір сүру үшін, халықты танып-біліп, шынайы сүйу үшін

керек. Тіл-әр ұлттың ғана емес, мемлекеттің де төл құжаты екенін естен шығармаған жөн. Тағы бір айта кететін жағдай ана тілін қадірлеу, оның байлығын, қасиетін сақтау республикамыздың басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету мұғалімнің ардақты борышы. Осы тұрғыда мемлекеттік тілді басқа ұлт өкілдеріне үйрету барысында қазақ халқының көне тарихы, рухани мәдени жәдігерлері бір тума өнері және тілінің ерекшеліктері туралы мәліметтер беріп, халыққа, тілге деген құрмет сезімін оятын, мемлекеттік тілді құрметтеуге және үйренуге ынта туғызу.

Орыс топтарына қазақ тілін оқытудың өз ерекшеліктері бар. Орыс топтарында өтілетін қазақ тілі сабағы қазақ топтарындағыдай күрделі болмайды. Мұнда қазақ тілі сабағында жүргізілетін ең басты жұмыстың бірі тіл дамыту болып табылады. Студенттің ауызша және жазбаша ойын жеткізе білуге үлгі беретін бұл – мұғалім. Әр оқытушы қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылық мәнде жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол қазақ тілін үйренушілердің қызығушылығын арттыра түседі. Демек, студент тілін дамыту жұмысы жүйелі түрде жүргізілуі керек. Келесі тіл үйренудегі басты шарттардың бірі – сөздік қорын байыту. Сөздікпен жүйелі жұмыс жасау оқытушының студентпен күнделікті жүргізілетін жұмысының нәтижесі іспетті.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында осы аталған жұмыс түрлерін жүйелі түрде ұйымдастырып отырса, студенттің өз ойын сауатты жаза әрі дұрыс айтуға мүмкіндігі мол болады. Сондықтан қазақ тілін яғни, мемлекеттік тілді әрбір қазақстанның азаматтарына оқытатын оқытушы оқу процесінде мәтінді түсініп әңгімелеуге, сұхбат құрастыруға, сұраққа жауап беруге, әрбір сөздің мағынасын түсіне білуге өз септігін тигізеді. Сонымен мемлекеттік тілдің туын желбірету әр оқытушының қажырлы еңбегінде десек артық айтпаған болар едік. Сөздің түйінін Қадір Мырзалиевтің мына өлең жолдарымен аяқтау жөн шығар деп ойлаймын.

Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

Әдебиеттер:

1. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс тіліндегі мектептерге қазақ тілін оқыту әдімтемесі.- Алматы, 1996.
2. Ана тілі 2005ж. № 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13.
3. Егемен Қазақстан 2005ж. 2-сәуір, 7-сәуір, 7-маусым, 21-мамыр.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті 2005ж. №1.

Summary

In this article exploring the problem of development State language by learning on Kazakh lessons. In the development of State language necessity in learning and respecting to language has important matter.

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ – ЭКСПРЕССИВТІ СИПАТЫ

Шошақова Ж.К.

Қазақстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Фразеологизмдердің эмоционалдығы оның мағыналық коннотациясымен, яғни экспрессивтілік сапа белгілерімен астасып қолданылады. Экспрессивтілік ең алдымен семантикалық категория. Себебі экспрессивтілік фразеологизмдердің мағыналық жағынан жаңа сипат алып, оның мағыналық құрылымындағы қосымша реңктің кеңеюіне негіз болады. Экспрессивтілік лингво-стистикалық категория ретінде жалпы халықтық тілде қалыптасып, жеке қаламгердің шығармашылықтары негізінде көркем әдебиетте дамиды [3, 9бет].